

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.9-11

ҚҰЛАНДАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЖЕРСІНДІРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

*Орынбасар Н.Қ., 1курс магистранты
Буршақбаева Л.М., PhD., аға оқытушы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-
Сұлтан қ.*

Қыс мезгілінде Каспий теңізінен шығыстағы Іле алабына дейін, ал жаз айларында Қарағанды, Ақтөбе, Қостанай облыстарының жерін мекен еткен құландарды үздіксіз, әрі есепсіз аулау жануарлардың толықтай қазақ жерінде құрып кетуіне әкеп соқты.

Құлан – елімізде кездесетін тақ тұяқтылар отрядының жалғыз түрі. Қазақ құланы (*Eguus hemionus finschi Matschie*) – Орталық Шығыс және Батыс Қазақстанның далалы жерлерінде, Жоңғарияда және Оңтүстік Батыс Сібірде мекендеген. Қазіргі кезде аталған жануарлар жойылып кеткен[1].

Ең алғаш құланды 1775 жылы орыс ғалымы П.С. Паллас Торей сипаттап жазған болатын. Жер бетінде құландардың 8 түршесі белгілі. Құландардың барлық түршелерінің түстері бір-біріне ұқсас келеді. Басы, мойыны және тұлғасы сарғыш түстен қызыл-қоңыр түсті, кейде сұрғылт түсті жануарлар да кездеседі.

Арқасында жалынан бастап құйрығының ұшына дейін қара жолақ созылып жатады. Жалы мен құлақтарының ұштары қара-қоңыр түсті. Құйрығының ұшындағы ұзын қылдары қара түсті шашақты құрайды. Мойнының астыңғы бөлігі, бауыры мен аяқтарының төменгі жақтары ақшыл түсті келеді. Жүн жабыны жаз айларында қысқа денесіне жабысып тұрса, қыс мезгілінде ұзын және бұйралау болады [2].

XIX ғасырдың соңына қарай құландарды терісі мен еті үшін аулаудың әсерінен, таралу аймағынан жануарлардың саны күрт төмендеп кетті.

XX ғасырдың басында Үстіртті мекен еткен құланның түркмен түршесі Қазақстан жерінен жойылып, қазақстандық түршесі XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап жер бетінде мүлдем кездеспейтін болды[3].


Елімізге құландарды қайта жерсіндіру бойынша жұмыстар 1953 жылы басталды. Түрікменстанның Бадхыз қорығынан Барсакелмес қорығына он шақты түрікмен құландары жеткізілді. Генетикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша түрлер арасында айтарлықтай айырмашылықтар болмағандықтан, Арал өңіріне әкеліп жіберілген құландар, тез жерсініп, жылдан-жылға саны өсе бастады.

1964 жылы Түркіменстаннан тағыда 19 құлан жерсіндіріліп, 1982 жылы олардың саны 280-ге жетті. Тіршілік ету аймақтарында жыртқыштар жоқ, сонымен қатар браконьерлердің аяғы жете бермейтін, жайылымы мол, суаттары бар бұл арал құландардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туғызып, аралда жануарлардың үйірлері көбейе бастады.

Алайда 1977 жылы Арал теңізіндегі гидрологиялық режим күрт өзгеріп, Барсакелместегі көлшіктер тартылып, тұщы су көздерінің жоғалуы бұл жануарлардың көбеюіне кері әсерін тигізді. Арал теңізі тартылған сайын құландардың да тіршілік ету жағдайлары нашарлай бастады.

1982 жылы оларды Қазақстанның басқа жерлеріне жерсіндіру жұмыстары бойынша үлкен жобалар жасалып, тиісті жұмыстар жүргізіле бастады.

1982 жылы – «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылмай тұрып, Қапшағай аңшылық-қорық шаруашылығына 32 бас түркімен құланын қайта жерсіндіру жұмысы жүзеге асырылды. Сол сияқты, 1991 жылы – Ақтау-Бозащы қорықшасына 35 құлан жерсіндірілді [4].



Сурет 1 - «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне жерсіндірілген түркімен құланының сандық динамикасы

Көрсетілген мәліметке сүйенетін болсақ, «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі құландардың саны, 2019 жылы 4,7%-ға айтарлықтай көбейіп, 2020 жылы аталаған көрсеткіш – 5,4% құрап, ұлттық табиғи парктің биоалуантүрлілігін сақтауда маңызды орын алып отыр.

әдебиеттер тізімі

1. Бланк Д.А., Джаныспаев А. Редкие животные пустыни. – Алма-Ата, 2000.

2. Jumanov M.A., Asenov G.A. Materials on population and habitats of Turkmen kulan (onager *Equus hemionus*, Pallas) at Karakalpakstan part of Usturt// European science review, Premier Publishing s.r.o (Прага). ISSN: 2310-5577, 2016.

3. Бекенов А.Б., Мелдебеков А.М., Бекенова Н.А. Современное состояние диких копытных на Устюрте и Мангышлаке// Научные труды Устюртского государственного природного заповедника. Жанаозен, Посвящается 25-летию Устюртского заповедника. 2009.

4. Бланк Д.А., Плахов К.Н. Туркменский кулан// Красная книга Казахстана. Т.1, ч. 1, Алматы: Конжык, 1996.